



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 1-т.

Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы

Кәсіподақтың Қарағанды облыстық ұйымының төрағасы А. Ракишеваның «Қарағанды облыстық ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Қарағанды облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы А. Ракишеваның Қарағанды облыстық ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің басқарушы органдары:

- заманауи әдістер мен талаптарды ескере отырып, облыстық ұйымның ақпараттық жұмысын одан әрі жетілдірсін;

- ақпараттық-насихаттық жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

- бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға ұсынылатын ақпараттық материалдардың сапасы мен мазмұнын жақсартсын;

- әлеуметтік желілерде және сайтта кәсіподақ мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және басқа да қабылданған шаралар туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде жарияласын;

- Кәсіподақтың Орталық Комитетінің әлеуметтік желісіне және сайтына жарияланатын ақпараттардың санын көбейтсін;

- Салалық кәсіподақ қызметі туралы қызметкерлерді жедел хабардар ету үшін Кәсіподақтың Орталық Комитетінің сайты және Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалансын;

- ақпараттық жұмыстарға жүйелі түрде мониторинг жүргізсін.

- аудандық, қалалық ұйымдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларының безендірілуін біріздендірсін, контент сапасын көтерсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А.Мұқашева